

**Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Махамбет аудандық
ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық
мемлекеттік кәсіпорыны**

Хаттамасы

№1

Махамбет ауылы

27 наурыз 2024 жыл

Өткізілген орны: Махамбет ауылы, Ө.Есмагамбетов көшесі, 21/1 акт зал.

Жиналыс төрағасы: С.С.Саныдбаев –директордың у.м.а.

Жиналыс хатшысы: С.С.Галиева – комплаенс офицері.

Қатысқан қызметкерлер саны: 12 адам

Қатысқандар: Махамбет аудандық аурухана жүргізушілері және аудандық ауруханаға қарасты дәрігерлік емхана жүргізушілері, механик, персонады басқару бөлімінің басшысы.

Күн тәртібінде

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің заңнамалық қағидаларына түсіндірме жұмысы туралы.

Түсіндірме жұмысын жүргізген комплаенс офицері С.Галиева.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес еліміздің стратегиялық даму басымдылықтарының бірі болып табылатыны баршаңызға мәлім. Көптеген дамушы елдерде, соның ішінде Қазақстанда да сыбайлас жемқорлық барлық салаларда таралған. Сол арқылы экономиканың дамуына теріс әсер етеді. Денсаулық сақтауды дамыту мемлекеттің әлеуметтік саясатының негізгі тетіктерінің бірі болып саналады. Біздің азаматтарымыздың әл-ауқатының тірегі ретінде медициналық қызметтердің қол жетімділігімен сапасына елеулі бюджет қаражаты бөлініп келеді. Қазіргі таңда пандемия жағдайына байланысты денсаулық сақтау саласы сыбайлас жемқорлыққа бейім салалардың бірі ретінде танылады.

Ағымдағы жылдың қаңтар, ақпан айларында Махамбет аудандық ауруханасының және ауылдық аймақтардың жүргізушілері жыл басынан бері жол ережелерін өрескел түрде бұзуда атап айтқанда Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 607 бабының бірінші бөлігінде жағдайларды қоспағанда бағдаршамның тыйым салатын сигналына немесе реттеушінің тыйым салатын қимылына қарамай өту жағдай орын алып, жүргізушілерге нұсқама беріліп айыппұл төленуде. Жедел-жәрдем көлігінің жылдамдықты асыра пайдалануы осы аталған жайттар әліде орын алуда.

Алдағы уақытта осындай жағдайдың алдын алу болдырмаулар талқыланды. Сонымен қатар жол ережелерін сақтамау бойынша нұсқамалар келіп түскен уақытта әр жүргізушілер үстінен жауапты тұлғалардан мәлімдеме түсіп заң шеңберінде шаралар қабылданатынын қаперлеріне берілді.

Жиналыс төрағасы С.Сандыбаев жиналысты қортындылады: Түсіндірме жұмысының негізгі мақсаты – жедел-жәрдем жүргізушілерінің жыл басынан бері жол ережелерін сақтамау бойынша түсіндірме жұмысы алдағы уақытта сыбайлас жемқорық тәуекелдері, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, жою және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөнінде қажетті шаралар қабылдау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте заңсыз жұмыс әдістері мен арандатушылық әрекеттерге жол берілмейді.

Түсіндірме жұмысы соңында мәселелер жан-жақты талқыланды, мекеме қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауап беріліп алдағы уақытта түсініктеме алынып тәртіптік шара қолданылатыны қаперлеріне берілді.

Жиналыс төрағасы :



С.Сандыбаев

Комплаенс офицері:



С.Галиева